# 237. ҚАРҚАРАЛЫ

**Сөзі: Қ.Ыдырысовтікі**
**Орындаған Жәнібек Кәрменов**

**Асықпй, әндете**




Есімің сенің естіліп ерте,
Аңыз боп елге тарады.
Кешеден сұлу бүгінгі көркің
Арқалы белім – Қарқаралы.
Балалық балғын, жүректен шыққан,
Бұл әнім саған арналды.

*Қайырмасы:*
Қарқаралым!
Ардақтап айтар әнім.
Асылым менің туған жер.

Атыңды асқақ Мәдиің жырлап,
Тәттімбет күйге орады.
Сауық та сайран орының қымбат.
Жазира жерім — Қарқаралы
Самалы салқын жайлауым менің,
Күн сайын жайнап барады.

*Қайырмасы:*
Қарқаралым!
Ардақтап айтар әнім.
Асылым менің туған жер.